

# Ленин жұлдызы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 41 (7001)

Сәрсенбі 28 февраль 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл  
Жеке саны 20 тыйын

## ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінде

ССРО Одағының Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың соғыс кезінің қиын жағдайында 1944 жылы көктемгі егістің неғұрлым қысқа мерзім ішінде өткізілуін, егіс жұмыстарының сапасы жақсы болуын қамтамасыз еткенін, егін жыйнау жұмыстарын неғұрлым ұйымшылдықпен аяқтағанын, ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттырғанын атап көрсетеді. Мұның өзі астықтың, картоптың, овоштың, қызылшаның, мақтаның, ләп торқасының, майлы егістердің және басқа ауыл шаруашылық егістерінің жалпы түсімі артуми және мемлекет үшін көп дайындауды қамтамасыз етті.

Ауыл шаруашылығы оұл табыстарға колхозшы шаруалар мен совхоз жұмысшыларының еңбек майданындағы белсенділігінің артуы және машина-трактор станциялары жұмысының жақсарғандығы нәтижесінде жетті.

«Колхоз шаруаларының қамқорлығы арқасында Қызыл Армия соғыстың төртінші жылында азық-түлік жағынан тапшылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер жұмысшылар мен интеллигентияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің Отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде». (И. Сталин).

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті неміс басқыншылардан азат етілген Украина колхозшыларының үгісімен көп облыстардың және республикалардың колхоздарының 1944 жылы Қызыл Армияның Бас Командованиесі қорына дайындау жоспарына тыс көп астық, картоф және басқа азық-түлік тапсыруда колхозшылардың көрсеткен отаншылдық жігерін және неміс басқыншыларды біржолата талқандау ісінде Қызыл Армияға көрсеткен көмегін ерекше атап көрсетеді.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті Москва, Калинин, Иванов, Ярославль, Архангель, Киров, Вологда облыстарының, сол сияқты неміс басқыншылардан азат етілген Украина, Белорус, Молдаван ССРларының, Курскі, Орел және Брянскі облыстарының жергілікті партия, совет ұйымдары, колхозшылар мен колхозшы әйелдері, МТС пен совхоз қызметкерлері ауыл шаруашылығын өркендету және қалпына келтіру жөнінде едәуір табыстарға жеткенін атап көрсетеді. Неміс басқыншылардан азат етілген аудандар, неміс басқыншылардың ауыл шаруашылығына орасан көп зиян келтіргеніне қарамастан, көктемгі егіс жоспарын ойдағыдай орындады. Егістерді бантау және егін жыйнау жұмыстарын жақсы өткізді, дөңді егістер мен техникалық егістерден мол өнім алынуын қамтамасыз етті, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін тапсыру міндеттемелерін орындады.

Мұнымен қатар, ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті бірсыпыра облыстарда, өлкелер мен

республикаларда, әсіресе Алтай өлкесінде, Новосибир, Куйбышев, Ульянов облыстарында, Мордва және Татар АССРларында совет, партия және жер орындары 1945 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспары орындалуын, егіс жұмыстарының сапасы жақсы болуын, егіннің өнімін арттыру және мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін тапсыру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етпегенін атап көрсетеді.

Сібір, Орал, Оңтүстік-Шығыс және Қазақстан республикаларының өлкелері мен облыстарының совет, партия және жер орындары көктемгі бидай сияқты, бұл аудандардағы маңызды азықтық егістің көлемі кемуіне жол берді.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті, астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімінің шығымдылығын және жалпы түсімін мейлінше арттыру—колхоздардың, МТСтардың, совхоздардың, жер орындарының, партия және совет ұйымдарының 1945 жылғы негізгі міндеті деп есептейді.

Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін совет және партия ұйымдары, колхоздар, МТСтар мен совхоздар мынадай аса маңызды шараларды қолдануға барынша жұмылуы керек:

Жаздық егістер егудің мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындау үшін, егін жұмыстарының сапасын арттыру үшін колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың көктемгі егіс жұмыстарына мезгілінде даярлануын қамтамасыз етуі керек; ең алдымен көктемгі егісті жақсы даярланған жерге мезгілінде егін, жақсы тұқым себуі керек, егістердің жақсы күтілуін қамтамасыз ету керек.

1945 жылы Советтер Одағының барлық аудандарында күзгі егіс, ал шығыс аудандарында көктемгі бидай егілетін парды жырту жөніндегі тапсырмалардың орындалуына, сол сияқты колхоздар мен совхоздарда зяб жырту жоспарының орындалуына ерекше көңіл бөлу хажет.

Колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың тракторларын, ауыл шаруашылық машиналарын және көлігін мезгілінде әзірлеу керек; тракторшыларды, комбайншыларды, механиктерді, трактор бригадаларының бригадирлерін мезгілінде даярлау керек; колхоз бригадаларын нығайту, звенолардың жұмысын жақсы ұйымдастыру керек, еңбек пен өнімді есепке алу жұмысын тәртіпке салу керек; республикалардағы, өлкелер мен облыстардағы өнеркәсіп орындарында тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарына керекті қосалқы бөлшектер жасауды мейлінше арттыру керек.

Жаратылыс және шаруашылық жағдайларын (көлікпен және жұмысшы күшімен қамтамасыз етілуін, шикі өнімді өңдейтін кәсіп орындарының болуын) ескере отырып, ауыл шаруашылық егістерін аудандар мен колхоздарға дұрыс бөлу керек; ауыл шаруашылығы егістерінің өнімін арттыру жөнінде колхоздар мен совхоздарға берілетін тапсырмаларды дұрыс жоспарлау керек; бұған дейін бұзылып келген ауыспалы егіс тәртібін қалпына келтіріп, ауыспалы егістің жаңа тәртібін енгізіп, ауыл шаруашылық егістерінің оған бұрын қолайлы егістер болған жер

Соғыстың төртінші жылында Қызыл Армия қай уақыттағыдан болса да анағұрлым тегеуірінді және күшті болып алды, оның соғыс техникасы бұрынғыдан да шыңдалды, ал жауынгерлік шеберлігі—әлде қайда артты.

И. СТАЛИН.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті өнеркәсіп Халық Комиссариаттарынан тракторлар, ауыл шаруашылық машиналарын, оларға керекті қосалқы бөлшектер, көлікке жегетін саймандар, тыңайтқыштар және химикаттар жасау жөнінде белгіленген жоспарларды сөзсіз орындауды, сол сияқты ауыл шаруашылығын мұнай майларымен жабдықтау және оны тасу жоспарларын орындауды талап етеді.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

### 1. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ

1. 1945 жылы жыйналатын барлық ауыл шаруашылық егістерінің көлемі бүкіл ауыл шаруашылығында 1944 жылдан 8,1 миллион гектар, оның ішінде колхоздарда 5,9 миллион гектар, совхоздар мен көмекші шаруашылықтарда 0,6 миллион гектар арттырылып бекітілсін.

2. Колхоздарда, совхоздарда, өнеркәсіп Халық Комиссариаттарының көмекші шаруашылықтарында және шаруалардың шаруашылықтарында 1945 жылғы көктемгі егістердің жоспары, 1946 жылы жыйналатын күзгі егістердің жоспары, агротехникалық шаралардың жоспары, МТСтардың трактор жұмыстарының жоспары, астық, техникалық егістер мен картоптың өнімін арттыру жоспары, овош егістері мен малға азықтық жеміс тамырлы егістердің тұқымын өсіру жоспары, көп жылдық және бір жылдық екі шөптердің тұқымдық егісін егу жоспары, табиғи пішендіктің шөбін жыйнау және шөп сүрлеу жоспары, республикаларда, өлкелер мен облыстарда жеміс және жүзім бақшаларын егу жоспары бекітілсін.

3. Орал, Сібір, Еділ бойы және Қазақ ССР колхоздарының тың жерге, тыңайтылған жерге және тыңайтуға қалдырылған жерге көктемгі, күзгі егістер егу жоспары бекітілсін.

4. 1945 жылы МТСтарда жұмсақ жер жырту есебімен тракторлардың бір гектар жерде істейтін жұмыстарының түсер бағасы 39 сом, оның ішінде тракторлардың, комбайндар мен ауыл шаруашылық машиналарының күнбе-күнгі және күрделі жөндеу жұмысы 8 сом болып бекітілсін.

ССРО қаржы Халық Комиссариатына (Зверев жолдасқа) мұнан тыс, 1945 жылғы бюджетте МТСтардың үйлері мен машина жабдығын күрделі жөндеуге 42 миллион сом белгілеу міндет етілсін.

ССРО Жер Халық Комиссариаты 1945 жылы, Латвия, Литва және Эстония ССР-ның МТСтары жанындағы машиналы-аттыпрокат пункттерінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеуге ССРО Жер Халық Комиссариатының жалпы сметасынан 11,6 миллион сом жұмсауға рұқсат етілсін.

ССРО Жер Халық Комиссариатына машина-сайман жөндеуге бекітілген шығынның есебінен облыстарда, өлкелерде, республикаларда тракторларды, комбайндарды және ауыл шаруашылық машиналарын жөндеуге берілетін қаржының 1945

жылға арналған дербес мөлшерлерін белгілеуге рұқсат етілсін.

5. Латвия, Литва, Эстония ССРларындағы және Украин, Белорус, Молдаван ССРларының батыс аудандарындағы шаруалардың шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспары бекітілсін.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті Латвия, Литва, Эстония ССРларының, сол сияқты Украина, Молдаван және Белорус ССРларының батыс аудандарының совет, партия және жер орындарына шаруалар шаруашылықтарының көктемгі егіске даярлануына, егісті өткізуіне және басқа ауыл шаруашылық жұмыстарын орындауына ұйымдастыру және өндіріс жағынан көмек көрсетуін қамтамасыз етуді, сол сияқты машина-трактор станцияларын қалпына келтіруді, машиналы-атты прокат пункттерінің жұмысын ұйымдастыруды міндет етеді.

6. ССРО Жер Халық Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халық Комиссариатына, Одақтас республикалардың Халық Комиссарлары Советтеріне, өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне және совхоздар мен көмекші шаруашылықтардағы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспары белгіленген Халық Комиссариаттарына мынадай міндеттер жүктелсін:

а) Республикаларға, өлкелер мен облыстарға арнап, осы қаулы бойынша бекітілген мемлекеттік жоспарға сәйкес он күннің ішінде аудандарға, совхоздарға, МТСтарға, колхоздарға, колхозшыларға және шаруалардың шаруашылықтарына 1945 жылғы ауыл шаруашылық және трактор жұмыстарының жоспары бойынша тапсырмалар белгіленіп берілсін;

б) Осы қаулы бойынша белгіленген дөңді егістердің орташа өнімі негізінде және дөңді егістердің өнімі жөніндегі тапсырмалар, сол сияқты осы қаулы бойынша өнімі бекітілмеген техникалық, овош, бақша, малға азықтық егістердің, жеміс-жидек егістерінің өнімі жөніндегі тапсырмалар бекітілсін;

в) Парниктер мен теплицаларға қошет егу және жаңадан мұндай орындар салу, тұт ағаштарын өсіру, ыстық үйектік егістер және шөп егу, пішендіктер мен жайлыларды жақсарту жөнінде жоспар бекітілсін;

# ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

(Басы 1-бетте).

г) Аудандар мен колхоздар үшін суармалы жердегі егіс көлемін және бұл егістердің өнімі жөніндегі тапсырмалар бекітіліп, суармалы жердің егіске толық пайдаланылуы қамтамасыз етілсін;

д) Аудандар мен колхоздарға жоспар бергенде ауыл шаруашылық егістерін өр-

## II. КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЯРЛАНУ ТУРАЛЫ

1. ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті совет, партия және жер орындарына колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың көктемгі егіске мерзімінде даярлануын, оны уақытында жақсы сапалы етіп орындап, көктемгі егістің агротехникалық жақсы мерзімдерде ұйымшылдықпен өткізілуін қамтамасыз етуді міндеттеді.

Машина-трактор паркін бұрынғыдан да жақсы пайдаланып, трактор жұмыстарының сапасын арттыру, колхоздар аялдағы өндірістік міндеттемелерді агротехникалық мерзімдерде орындау МТС-тардың негізгі міндеті деп танылсын.

2. ССРО Жер Халық Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халық Комиссариатына, республикалардың Халық Комиссарлары Советтеріне, өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне, Одақтас республикалар Коммунист Партияларының Орталық Комитеттеріне, БК(б)П өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне мынадай шаралардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін:

а) Әрбір МТС пен совхозда тракторлардың және тракторға тіркелетін саймандардың мерзімінде жақсы жөндеулі, сол сыяқты әрбір колхоз бен совхозда көлікке жететін машина-сайманды, транспорттың жегу өзгелдерінің жөндеулі, әзір болуы қамтамасыз етілсін.

Қалалардан машина-сайман жөндеуші бригадалар жіберіліп, металл мен отын бөлініп, МТС-тардың, колхоздардың, совхоздардың тракторларды, ауыл шаруашылық машина-саймандарын жөндеуіне көмек көрсетілсін.

Жөндеулен тракторларды мемлекеттік комиссиялар қабылдайтын болсын. Бұл комиссияларға аудандық атқару комитетінің председатели немесе БК(б)П аудандық комитетінің секретарі (комиссияның председатели), МТС-тың немесе совхоздың директоры мен аға механигі, іргелес МТС-тың немесе совхоздың аға механигі, сонымен бірге тракторды қарамағына алатын аға тракторшы енгізілетін болсын;

б) Ауыл шаруашылық жұмыстары басталғанға дейін әрбір МТС-тың көктемгі егіс жұмыстарына даярлығы мемлекеттік тексеруден өткізілетін болсын; бұлар аудандық партия комитетінің секретарынан, аудандық атқару комитетінің председателинен, аудандық жер бөлімінің меңгерушісінен және басқа МТС-тың директорына қаратылып, тексерілетін болсын; тексергенде кадрлардың трактор бригадаларына дұрыс бөлінуіне, бригадалардың тіркеу және май құятын, майлайтын саймандармен, асбандармен, бүтін кесектермен, қосалқы бөлшектермен жабдықтылығына, МТС-тардың егіс басында тракторлардың техникалық хәлетін өтеуге даярлығына ерекше көңіл бөлінсін;

в) Жаңадан даярланған тракторшылар аға тракторшының басшылығымен егіс жұмыстарында үш апта жұмыс істеп, тәжірибе алғаннан кейін ғана өз бетімен жұмыс істеуге қойылатын болсын.

Көктемгі жұмыс басталғанға дейін, сол сыяқты бұл жұмыстар аяқталғаннан кейін тракторшылардың білімін толықтыруға және техникалық мамандығын арттыруға көңіл бөлінсін, бұл жөнінде дәрбес үйрету әдісі кеңінен қолданылсын;

г) Тракторларға жанармай әкелетін арбалардың жетіспегені көктемгі егіс басталғанға дейін даярлансын, әрбір трактор бригадасы май құятын, майлайтын саймандар, трактордармен ауылшаруашы-

ныластыру қолданылатын ауыспалы егіс тәртібіне және бұл тәртіпке көшу жоспарына толық сәйкес жұмысшы күші мен көліктің есебіне қарай жүргізілуі толық қамтамасыз етілсін, бұл жөнінде және колхоздарда техникалық егістердің және аталған егістердің шамадан тыс өсілуіне жол берілмесін.

лық машиналарының техникалық күтіміне керекті аспаптармен, тетіктермен қамтамасыз етілсін;

д) Трактор бригадаларында тракторшылардың және колхоздардың өздерінің күшімен жөргілікті құрылыс материалдарынан тракторлардың техникалық күтіміне керекті жабайы мастерскойлар, жаба салмақтар салу және бригадада жанармайды сақтауға хәжетті баздар салу жөнінде алдыңғы қатарлы трактор бригадалары мен колхоздардың тәжірибесі кеңінен қолданылсын;

е) МТС-тардың колхоздармен жасасқан шарттарына сәйкес, 1945 жылғы 1 апрельден қалдырмай әрбір трактор бригадасы үшін жұмыстардың жылдық тапсырмасы белгіленсін, онда жұмыс істелетін колхоздар, трактор жұмыстарының түр-түрі және оларды орындау мерзімдері көрсетілсін, көктемгі егіс жұмыстары маусымының жұмыс жоспарлары жасалсын, ауыл шаруашылық жұмыстарының маусым-маусымына тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының техникалық күтімінің графиктері тапсырылсын.

3. Машина-трактор станцияларының жұмысында несіздікті жою, колхоз егін даласындағы трактор жұмыстарының сапасын арттыру мақсатымен аудандық партия комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне және МТС директорларына көктемгі егіс басталғанға дейін трактор бригадаларын үлкен колхоздарда егін жұмыстарының басынан аяғына дейін өдетте егін бригадаларына бекіту, ал ұсақ колхоздардың жұмысы істелетін болғанда, бір колхозға немесе бір топ колхозға бекіту міндет етілсін.

4. Көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізуге тракторшылардың ынтасын арттыру және тракторларды жақсы пайдалану мақсатымен:

а) Көктемгі егісте 15 күнге белгіленген тапсырманы орындағаны үшін тракторшыларға сыйлық беру тәртібі 1945 жылғы да қолданылатын болсын;

б) Жер жарату жұмыстарының алғашқы алты күні ішінде тракторшыларға екі есе еңбек күм жазу және жанармай шығынының мөлшерін 10 процент арттыру тәртібі бұрынғы күйінде қолданылсын.

5. Республикалардың Халық Комиссарлары Советтеріне, өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне және МТС директорларына мынадай міндет жүктелсін:

а) МТС-тардың мұнай шаруашылығында және жанар майларын сақтау жұмысында төртін орнатылсын, шаруашылықтағы басқа хәжетке жұмсау сылтауымен мұнайды талап-тарапқа салу, залсыз жұмсау өрекетіне тыйым салынсын;

б) жанармайдың МТС-тарға көктемгі жыл бұзылғанға дейін жеткізілуі қамтамасыз етілсін; бұл жөнінде МТС-тарға қала-транспортпен көмек көрсетілсін, сол сыяқты ауыл шаруашылық өнімін тасу жұмысындағы бос қайтқан автомобильдер мен колхоз көліктері пайдаланылсын.

6. ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздар мен совхоздарда 1945 жылға белгіленген егіс жоспарының орындалуын толық қамтамасыз етерлік мөлшерде тұқым қорларын күйе және оны тазарту аса маңызды жұмыс деп тауып, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және жер орындарына мынадай міндет жүктейді:

(Жалғасы келесі санда).

# Совет Хабаршы бюросынан

26 ФЕВРАЛЬДАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

26 февральда ЗЕМЛАНД түбегінде, КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дүшпанның жау әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарды. КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ЗРНСТФЕЛЬДЕ, ДЮСТЕРВАЛЬДЕ, НАУССЕДЕН, ХАЙЛИГЕНХОФ, ЯННИТУ қыстақтарын ұрыспен алды. 25 февральда КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс жағындағы аудандарда немістердің 69 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды.

БҒЕСЛАУ ауданында дүшпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізіліп, бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз 15 кварталды алды. Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізіліп және жөргілікті маңызы бар ұрыстар болды.

25 февральда барлық майдандарда немістердің 125 танкі қыйратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дүшпанның 31 самоләті атып түсірілді.

Шығыс Пруссияда Кенигсберг қаласының солтүстік-батыс жағында дүшпанның жау әскерлері мен танктері өздөңше рет атака жасады. Немістер бір учаскеде табысқа жете алмай, екінші бір учаскеде атака жасауда болды. Совет бөлімдері жауға қарсы пәсерлерге оқ жаудырып және қарсы соққы беріп, гитлершілдерді кері қуып тастады. Шентеріміздің алдыңғы шетінде жаудың көптеген өліктері, дүшпанның қыйратылған техникасы мен қару-жарақтары қалды.

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің қатты қарсылығын жеңе отырып, бірнеше елді жерлерді, оның ішінде тас жолдардың торабы—Эристфельде қыстағын алды. Цинтөн қаласының солтүстік-батыс жағында немістердің 129-жау әскер полкінің бір ротасы, оның командирімен қоса қолға түсірілді. Оңтүстіктен солтүстікке қарай шабуыл жасауын совет бөлімдері дүшпанның бірнеше атыс бекіністерін алды. Күн тәулік ішінде 2 мыңнан аса гитлершілдер, дүшпанның 23 зеңбірегі және 200ден аса пулеметі жойылды. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

\*\*\*

Бреслауда әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дүшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Немістер көше-көше бекіністер жасап және орлар қазып, бөгеттер құрды, ал көп үйлерді өздерінің қорғаныш күшті бекіністі тораптарына айналдырды. Советтің шабуылы әскер топтары батыс алға баса отырып, бір үйден соң екінші үйді гитлершілдерден тазартуда. Әсіресе, Гинденбург алаңы үшін кескілескен ұрыстар болды. Жау әскерлеріміз, саперлеріміз бен артиллерияшыларымыз алаңда бөлінген дүшпанға үш жақтан шабуыл жасады. Немістер қатты қысыққа алынды. Әскерлеріміз табан тірескен ұрыстар жүргізу кезеңінде алаңды алды. Екінші бір бөліміміз трамвайларын алды. Күн тәулік ішінде дүшпанның 1000нан аса солдаты мен офицері жойылды. Немістердің 6 танкі және басқа олжа қолға түсірілді. 300ден аса неміс қолға түсірілді.

\*\*\*

Қызылтулы Балтық флотының кемелері Балтық теңізіне немістердің 14 мың тоналық 3 тексеруші мен дүшпанның бір күзет кемесін етпа батырды.

Шнайдемюль қаласында қоршауға алынған дүшпанның әскер тобын жою жөнінде жаудың 5000нан аса солдаты мен офицерін әскерлеріміз қолға түсіргенді бұдан бұрын жарияластан болатын. Мұнымен қатар, Шнайдемюльдің солтүс-

тік жағындағы ормандарда совет бөлімдері екі топ немістерді жойып, жаудай көп адам қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілгендердің ішінде Шнайдемюль қаласының коменданты полковник Генрих Реммингер және оның штаб бастығы Карл Фейхазе, Шнайдемюль гарнизоны инженерлік қызметінің бастығы полковник Альфред Курхауп және немістердің басқа да офицерлері бар. Қолға түсірілген полковник Генрих Реммингер былай деді: «27 январьда мен Дойч-Кроне қаласындағы неміс армиясының Висла әскер тобының қолбасшысы Гиммлердің штабына келдім. Гиммлер менің Шнайдемюль қаласының коменданты болып тағайындалғандығымды ескертіп, маған былай деді: «Сізге шексіз пұрсат беріледі және сіз қайткен күнде қамалдан айырылмауға тиістісіз». Бұдан кейін көп ұзамай-ақ орыстар қаланы қоршап алды. Бірнеше күнді ұрыстар кезінде біз өлгені және жараланғаны бар 4000нан аса солдатымыз бен офицерімізден айырылдық. Қалада үрейленушілік пен төртінсіздік етек алды. Көптеген офицерлер гарнизон алаңтан енді құтыла алмайды деген тоқтамға келіп, тізе бүгу жөнінде пікір айтты. Мен штабпен радио арқылы байланыс жасап, гарнизонның жағдайы өте мұнкіл халге ұшырағандығын мәлімдедім. Бұған жауап ретінде мен Гиммлердің қолы қойылған мынадай радиogramма алдым: «Сіздердің жағдайыңыз бізге мәлім. Бекем болыңдар. Сіздерге көмек бара жатыр». Ешбір көмек ала алмай, мен қорқынышқа қарамастан Шнайдемюльден солтүстікке қарай өтіп кетуді ұйғардым. Алайда біз бұл жерде орыстарға тап болып, ерекше көп шығынға ұшырадық, сөйтіп төз-төз болдық. Мені штаб бастығымен бірге қолға түсірді».

Қолға түсірілген полковник Альфред Курхауп мынақы мәлімдеді: «Шнайдемюльдегі «қоршау» көп мыңдаған неміс солдаттарының моласы болды. Тіпті бірде-бір кішігірім бөлімше де қоршаудан шығып кете алмады. Қаладан қашып шыққан шағын топтар ормандарда орыстарға көп болып, бөлшектеіп жойылды. Орман арасындағы жолдар мен қара жолдарда мен неміс солдаттарының мыңдаған өліктерін, жапан дүзге қалған танктерді, өздігінен жүретін зеңбіректер мен қыйратылған автомашиналарды көрдім. Орыстардың қолында жүріп мен Шнайдемюль гарнизонының көптеген офицерлеріне кездестім. Олар кішігірім бөлшектерге бөлініп тасталған әскер топтарының солдаттарымен бірге қару тастап, тізе бүккен көрінеді».

## Азов порттары кеме жүргізуге әзір

Быйылғы жылы Азов теңізінде үш жыл бойына болған үзілістен кейін тұңғыш рет кеме жүргізу ісі басталды. Азов теңізінің зор қалына көліруге жұмысын атқарды. Мариуполь, Тагширог және Ростов те-

ніз порттары кемелерді қабылдау, жеңелту ісіне әзір отыр.

Порттарды қалына көліруге кеме жүргізу жұмысына әзірлену кезінде Азов теңізінің деріне еліңіздің басқа теңіз бассейндерінің теңізшілері көмек көрсетуде.

# АСЫЛ ОЙ, АҒЫНДЫ ЖЫР ЖЕҢІС МҮДДЕСІНЕ АРНАЛСЫН

## ПРЕСНОВ АУДАНЫНЫҢ АҚЫНДАРЫ

### ТЕМІРҒАЛИ

Ауылға келіп өдім әдей арнап,  
Ағаның міндеті гөй жөн сұрмақ.  
Ән салып, домбыра алып жыйын тойда  
Ақынның дәстүрі еді кету самғап.

Жыйылым игі жақсы іші-аға,  
Келінті әрбір тұстан меймандар да.  
Бұл тойды қыздырайық өлеңменен  
Хал-жайыңды айта отыр ақын бала.

### ІЛІЯС

Мен, Ілияс өнер күйің жеткішөгің,  
Сізбенен көздесуге кұмар едім.  
Сөз толғап қызыл тілдің ұшын безен  
Жырлайтын табыстарым туған елдің.

Көлхозым «Үлгі» атында ауылдым бай,  
Малым малшыларым бәрі де сай.  
Жүз-жүзден қотавымнан көй ереді.  
Төрт түлік малды отырмыз айдай алмай.

Кел аға, жырыңды төк табысыңды айт,  
Жедісінен жарыстағы шабысыңды айт.  
Мадақтап, ерліктерің ерлеріңнің  
Қайнаған өмбеттегі жарысыңды айт.

### ТЕМІРҒАЛИ

Айт десек, мен айтайын табысыңды,  
Қайнаған сибектегі жарысыңды.  
Темірдей тегеурінді Шәрібім бар  
Орындар үш кісілік жұмысыңды.

Ақылгөй, іскер басшы Қозыбайым,  
Біледі шаруашылық жұмыс жайын.  
«Тау ағаш» ол бастаған гүлденуде  
Табысқа жетіп отыр жыл-жыл сайын.

Тебінде жылқы бағып, мұз төсенген.  
Жылқышым тағы да бар Ғаббасдайым.  
Көбейді ер қанаты тұлпарларым  
Өлген жоқ алтай қыстай жалғыз тайым.  
Сендердей асыратуға салғамыз жоқ,  
Мая-мая үйілген шөбім дайым.

Ғазиза, Майтап, Мариям, Зейнелерім  
Әнерді еңбек етіп елдің кегін,  
Орындап тапсырмасын сыйлық алды,  
Бұдан да артық істеуге берді сенім.

Ежелден адамдарым еңбек сүйер,  
Күніне қунарлы азық көптен үйер.  
Аш-арық, көгерем мал болса ауылда  
Жымы шығарып береңік бізге жібер.

### ІЛІЯС

Ей, Теме мақтанасың көмеңге,  
Бар байлығың бес-алты шемелеме?  
Мол шыққан біздің елдің егінін айт  
Шөп көптігі мақтанды көтереме?

Малым бар, шөбім көп деп мақтанасың,  
Егін жайын айталмай жасқанасың,  
Мал басын бізде өсірдік істен еңбек  
Толтырдық бөкен санды жылқы басын.

Жерді жұртып, ұқыпты егін салдық,  
Біз көптеп гектардан өнім алдық.  
Мемлекеттік жоспарды орындадық  
Көрі—жас еңбек істен барша халық.

Бізде бар Қожак, Базар, Саханменен,  
Алардан кұтылған жоқ сыйлық деген.  
Алып күш қажымайтын, аялбайтын,  
Ежелден даңқы шыққан өңбекпенен.

Әзірлік жүрін жатыр көктем күше,

### (Айтыстан үзінді)

Басқалардан өзат боп кеттік мүлде.  
Тап-таза сары алтындай тұкым кұйдық  
Быйыл да алмақшымыз тағы жүлде.

Түзетін соқа-сайман әзірледі,  
Бапталым күтілуде барлық көлік.  
Берекес, ырыс кірді ауылға  
Бірі өн, оны жүз боп еңбек өніп.

Рабиға, Әубәкірдей басным да бар,  
Кезесіде қыйы қыстау ақыла табар.  
Шығарды аудағымда «Үлгі» атағын  
Әубәкір, Қабі менен Рабиғалар.

Бізде жоқ Зейін, Дәнеш, Мәуиллар,  
Дер кезі қылшылдаған еңбек табар.  
Жанына жалқауларды жыйып алып  
Төсегін қалың салып, жатып алар.

### ТЕМІРҒАЛИ

Інішөгім өлай деме жөніңе көш,  
Күр бекер жалған айтып, қылма егес.  
Еңбексіз біздің елден табылмайды,  
Орыссыз бұл айтқаның құрғақ кеңес.

Жоқ емес, сендерде де керенаулар,  
Еріншек Күлжәмила, Қайни да бар,  
Таппаған ала жаздай алты еңбек күн  
Еріншек жатып ішер жалқау жандар.

Сен күйсан, біз де кұйдық алтын дөңді,  
Аздырмай бағып-қақтық барлық малды.  
Мол өнім келер жылы алу үшін—  
Тоқтаттық егістікке қалың қарды.

Борона, соқа, жарма қамыт дайын,  
Етті еңбек ұста Қазбек, шал Құсайын.  
Көктемге дайындықты қыздыруда,  
Істейді ынтасымен Белгібайым.

Өлең ғып айту керек табыстарды,  
Сен айттың құрғақ сөзбен жоқты-барды.  
Соғылмай отыз гектар егіннің әлі де тұр.  
Оны соқпай көлхозың қайда қалды?!

### ІЛІЯС

Мен борыштан берешек кұтылғаным,  
Сол үшін талай рет сыйлық алдым.  
Қадірін білмейтұғын біз емесіз  
Жедіс үшін керекті алтын дәннің.

Жөнелттік алтын астық елім үшін,  
Жауға қарсы шайқасқан ерім үшін.  
Сен борышты быйыл да өтемедің  
Өте десек, өтейік сенің үшін.

Бұл қажырлы еңбекті қылғандығым,  
Қыйын іске қажымай тұрғандығым.  
Көріп қой ақын аға біздің елдің  
Еңбектегі ісі мен қылғандығым.

### ТЕМІРҒАЛИ

Жақсы айттың інішөгім-ай ақыңна,  
Болдым гөй жама рыза ақылыңа.  
Менің де жүгірісім желден озған  
Белгілі жаттар менен жақыныма.

Өрбіген біздің елден өшпен сандак,  
Ұядан қанат қарғып кетті самғап.  
Қан кешіп жортуылда жорықта жүр  
Хаснетті туған елдің кегін алмақ.

Ерім бар Есілбайдай батыр туған,  
Ерегіскен дұшпанды қаимен жуған.

Кұрбанғып жас өмірін елім үшін  
Өз басын оққа байлап, жауды қуған.

Ұрыста талқан етіп жау қамалын,  
Қолмен оқ, ауызбен от шапты жалын.  
Ерлігін Есілбайдың ел біледі.  
Талай рет таңдапқан жұрттың бәрін.

Тайсалмай жалғыз өзі жауға барды,  
Ордасына дұшпанның ойран салды.  
Қынадай қырып, жойып немістерді,  
Бес рет Үкметтен орден алды.

Тағы бар Ғалнасар, Молдабек те,  
Бір өзін балағандар мың мен көпке.  
Ел үшін құрбан болар жан пида етіп,  
Кеудесі намыс пенен толған кекке.

Мен айттым білгенім мен көргенімді  
Сен де айтшы аты даңқты ерлеріңді,  
Тарасын дастан болып қалың көпке  
Мадақта домбырамен өріегіңді.

### ІЛІЯС

Мен де ұшырғам ұядан талай қыран,  
Еліме тырық салған жауды қуған.  
Кенесары, Наурызбай, Абылайдай  
Бір өзі қалың жауға қарсы тұрған.

Қабдреш, Қанапия, Қошан, Бөйкен,  
Өжет туған Қабиден, Қаймолдамен,  
Жорықта талай рет талқан етіп  
Қас дұшпанға өлімнің сыйын берген.

Ал, Теме, сен сөз қылдың майдан жайын,  
Тер шықты ашы әнді салған сайын.  
Жүйріксіз сұлу сөзге, малың қайда?  
Десеңде азығым мол, шөбім дайын.

Бірге тұр бір қотырың көп атпенен,  
Сөз қайда малың күйлі тұрат деген.  
Қара қаптап қотыр екен арқа басы  
Мұны көрмей ақының қайдан келген?

### ТЕМІРҒАЛИ

Бір жыйын осы ауылда болып бүгін,  
Ілияс кеңес еттің мал күтімін.  
Мәселен малды ерекше өсірдік біз  
Түгін тартсаң майы-шыққан төрт түлігім.

Күр бекер мақтануың жөн бола ма,  
Құрғақ сөз қотыр малға ем бола ма?  
Бізде мал күйлі, сенде арық мал көп  
Арық мал, семіз малмен тең бола ма?

Бір атың қош айтысып кеткелі тұр,  
Қотыр боп отыз өгіз өткелі тұр.  
Асты алынбай, малыңның шөп салынбай,  
Басқа малдың артынан жеткелі тұр.

Шерияздан мал бастығы не істеген,  
Жауапсыз, өзгелерден кем істеген.  
Қотыр мал, Сәрсенің ойында ма?  
Бір жан жоқ жазылыс деп ем істеген.

### ІЛІЯС

Екі елден екеуіміз де көп айтыстық.  
Ел қамын, ердің қамын жеп айтыстық.  
Жырлайық табысты да шабысты да,  
Кемшілік тез жойылатын деп айтыстық.

Кемшілік бізде де бар, сізде де бар,  
Біз үшін бұл айтысқа осы жарар.  
«Қыйсық ағаш жатпайды тез қасында»  
Тез түзер еңбек ері көлхозшылар.

## ТОЙ БАСТАР

Төгілдір жырды, нәсердей  
Жыршы, жырау, шешендер,  
Сөз асылын тізбектеп  
Тідің ұшым безендер.

Домбыра алып толғап  
Күй арнасын ашыңдар,  
Аққу құсқа үн қосып  
Шырқата өңге басыңдар.

Ел мен ердің даңқы-атын  
Жырыңа қос мадақтап,  
Қыяға ұш қырандай  
Көкке өрле шарықтап.

Сыңға түскен жүйріктер  
Жүйткі, жүгір мүдірмей,  
Лашын етіп жырылды  
Қыядан өт сүрінбей.

Ақын Теме, Ілияс  
Жырды сермен тастаңдар,  
Күйкылжыта күй толғап  
Кәсіп, айтысты бастаңдар!

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## ТОЙ ТАРҚАР

Тасыды күй, жыр толқып ақындардан,  
Топқа түсті-екі елден екі тарлан.  
Бір шаттанып қалатын атам қазақ  
Бұл айтыс көне заман көптен қалған

Айтыс ед, күй нәсері күйылғандай,  
Ащы әнді салды Темек Біржансалдай  
Сұлу сөз нақсымен тізбектелді  
Бейне бір ұлы дария тасығандай.

Түптен тартқан әсем ән тұр сығырап,  
Жатқандай мұз тасқыны таудан құлап  
Көмейден лек-легімен керуендей  
Сүйкімді ән, сұлу дауыс кетті самғап

Ілияс та күймәлдәры жырын төкті,  
Әні оның күз, жартастан асып кетті  
Сөз болды-жетіскендік, кемшіліктер  
Екі ақын қалың көпті риза етті.

Айтыстың ақырында елден тілек:  
Күшейсін көлхоздағы миллион блек  
Жеңісін қарулары күдретті боп,  
Ігілік—қуанышқа соқсын жүрек!

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ

## БУЛАЕВ АУДАНЫНДА АЙТЫС ӨТКІЗІЛДІ

22 февральда Булаев ауданының орта-  
лығында ақындар айтысы өткізілді. Ай-  
тысқа көлхоз ақындары Жұмабай Сәме-  
тов, Қауан Жапаров, Зұлқия Жақина, Ға-  
лиев қатнасты.

Айтысты тыңдауға аудан көлхоздары-  
ның алдыңғы қатарлы қолхозшылары кел-  
ді. Олар айтыста атап көрсетілген кемші-  
ліктерді іс үстінде жоюға міндеттенді.

Айтыста үздік шыққан ақындарға бағ-  
ам сыйлықтар берілді.

К. ЖАҚИН.

## АЙТЫС

Жуырда Преснов ауданында халық  
ақындарының айтысы болып өтті. Аудан  
лары «Тау ағаш» көлхозының ақыны  
Темірғали Касенов мен «Үлгі» көлхозы-  
ның ақыны Ілияс Модахметов айтысты.  
Халық ақындарының айтысын өткізуге  
күні бұрын әзірлік жұмыстары жүргізіл-  
ді. Айтысқа түсетін ақындар өз көлхозы-  
ның және өзімен айтысатын ақынның  
көлхозының жұмысымен жете таптысты.  
Бұл істі жүргізуде халық ақындарының  
айтысымен өткізу жөніндегі комиссия қызу  
жұмыс істеді.

«Үлгі» көлхозында төңқа түсетін ақын  
дар домбырасына үн қосып, жыр асылын  
тізбектеуде болды. КБ(б)П обкомінің ай-  
тыс өткізу жөніндегі өкілі жас ақын Ғ.  
Мұхамеджанов жүйріктерді баптаған салт-  
шұнадай ақындарды айтысқа әзірледі.  
Ақындар батыр Қызыл Ариннің тамаша  
жөністерінен жігерленіп, дәл ардақын

амыл, ақындық шабытын үдете түсті.

Қазақ халқының ардақты ұлы, әнші,  
комментатор Валуан Шолақтың шөкірті  
Темірғали ақын да, жалынды жас Ілияс  
ақын да ел мен ердің табысы мен ерлігін  
мадақтап, шаршы топта сынан мүдірмей  
өту үшін айтысқа жігерлене әзірленді.

15 февраль күні түсетін кейін көршілес  
ауылдардан көлхозшылар «Үлгі» көлхозы  
на нар-нар атпен ағылды келін жатты.  
Көк-өз басшылары көршілес ауылдардан  
келген сыйлы көпқатарды қошеметпен  
қарсы алды.

Көлхоз клубының іші өшекейленіп, бе-  
зендірілген. Сахнаға масаты кілем төсе-  
ліп, оның қабырғасына өдемі мөнер салып  
ған түскізізілінген. Сахнаның төріне ха-  
лықтардың кеңестер нәсемі Оталын жол-  
дасын суретізілінген.

Клуб залында лық толды. Ақындар ай-  
тысы—тойға айналды. Айтыс жырын тың-  
дауға көлхозды ауылдың игі жақын адам-  
дары—егішілер, малшылар, жылқышы-  
лар, шемелдер, сауыншылар жиыналды.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық  
Советі атқару комитетінің председатели  
С. Тұралин жолдас халық ақындарының  
айтысына арнаған мәжілістің ашық екен-  
дігін жариялады. Ең алдымен КБ(б)П аудан-  
дық комитетінің секретарі Ө. Ыбраев  
жолдас айтысты тыңдауға жыйналғандар-  
ға халықаралық жағдай туралы баянда-  
ма жасады. Бұдан кейін Ғ. Мұхамеджанов  
жолдас айтыс туралы баяндама жасады.  
Ол өзінің ақындар айтысына арнаған  
«Той бастар» өлеңін оқып:

—Ақын Теме, Ілияс  
Жырды сермен тастаңдар,  
Күйкылжыта күй толғап  
Кәсіп, айтысты бастаңдар—хеді  
Темірғали ақын домбырасын қағып-қа-  
ғып жіберіп, жыр нәсерін сәдетіп көп  
берді. Жыйналған жұрт ақындардың ай-  
тысына риза болып, хұрмет көрсетіп  
отырды. Ақындар өздерінің жырында жұ-  
мыстағы табыстарды айтып, кемшіліктер-  
ді атап көрсетті.

Ақындар құлағын көң жайын бірін-

бірі тоқтата алмаған соң Тұралин жолдас  
оларға тоқтау айтып, көлхозшы шаруа-  
ларды ақындар айтысына көрсетілген  
кемшіліктерді жөдел жөю үшін күн  
жұмысауға шақырды. Бұдан кейін жас  
ақын С. Шәймерденов өзінің ақындар ай-  
тысына арнаған «Той тарқар» деген өлең-  
нің оқыды. Халық ақындарының айты-  
сын өткізу жөніндегі комиссияның пред-  
седатели КБ(б)П аудандық комитетінің  
үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі Шата-  
липа жолдас сөз сөйлеп, аудан-  
дық совет атқару комитеті мен аудандық  
партия комитеті атынан айтысқа қатыс-  
қан ақындарға ағыс жариялады. Айтыс-  
қа түскен екі ақынға бағам сыйлықтар  
тансырылды.

Темірғали мен Ілияс ән шырқап,  
домбырамен халық күйлерін орындады.  
«Үлгі» көлхозы орталық кеңесінің оқу-  
шылары айтысты тыңдауға жыйналған-  
дарға үлкен қошемет берді.

М. ШЕРИЯЗОВ.

### ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНДЕ

Облыстардың, өлкелер мен республикалардың тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеудің 1945 жылғы январьдағы жоспарларын орындау жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысының қорытындыларын қарап, ССР Одағының Халық Комиссарлары Советі социалистік жарыста мына облыстар мен республикалар озып шықты деп танып, қаулы етті:

1. Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары, сонымен қатар ақшадай сыйлықтар:

Украин ССРның Сталин облысы мен Днепропетровскі облысына, Белорус ССР-на, Саратов облысына, Қырым АССРна берілісін.

2. 1945 жылғы январьда тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу жоспарларын орындаған мына облыстар мен республикалар: Ярославль, Горький, Иванов, Свердлов, Ленинград, Смоленскі облыстары, Дағыстан АССР, Қазақ ССРның Қарағанды, Қөкшетау және Павлодар облыстары атап көрсетілісін.

### КОЛӨНЕРШІЛЕРДІҢ МЕРЕКЕГЕ ТАРТУУЫ

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы колөнершілер артелінің (Петропавл қаласы) жұмысшылар коллективі батыр Қызыл Армияның 27 жылдығын өндірістік зор табыстармен қарсы алды. Артель мүшелері аянбай еңбек істеу нәтижесінде февраль айының өндірістік жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындап, облыстық колөнершілер одағының ауыспалы Қызыл туына ие болды.

И. МАРГОЛИН.

### ТАҢДАУЛЫ АҢШЫЛАР

Заготживсырьенің Октябрь аудандық искомесі ұйымдастырған аңшылар бригадалары аң аулау жұмысының жылдық жоспарын артығымен орындады. Бұл істе әсіресе Сыбанбаев жолдастың басқаруындағы бригада үздік шықты. Қысқы маусым басталғаннан бері бұл бригада 16 түлкі, 3 қасқыр соғып алды.

Қарт саятшылар Ержанов және Нұрталин жолдастар бүркітпен 40тан аса түлкі ұстады. Ал Қозыбаев жолдас қақпанмен бір күнде 4 қасқыр ұстады.

Қазір олар дайындау орнына жоспардан тыс көптеген шикі зат тапсыруға міндеттенді.

### Көктемгі егіске үлгілі әзірленейік!

## СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ӨРІСТЕУДЕ

Молотов атындағы (Соколов ауданы) ауыл шаруашылық артелінің мүшелері Сталин жолдастың Қызыл Армияның 27 жылдығы туралы бұйрығына көктемгі егіске толық әзірлену және түкпірдегі пункттерден астық тасу тапсырмасын орындаумен жауап беруде. Қазір колхозшылар арасында республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарыс кең өріс алды.

Көктемгі егіске әзірлікте колхоз ұсталары Сулимовский және Лауров жолдастар жанамай жұмыс істеп жүр. Олар 15 февральға дейін 16 соқаны, тырмалар мен тұқым сепкіштерді жөндеп болды. Колхозшы Камышин жолдас 20 қамытты,

ағаш шебері Самойленко жолдас 46 жарманы көктемгі дала жұмыстарына әзірлен қойды.

Бредина және Беспалова жолдастар басқарған мол өнімшілер звенолары егіс жұмыстарына қызу әзірленіп жатыр. Бұл звенолардың әрқайсысы 5 центнер күл, 300 килограмм картоф ұшын және 6 килограмм жеміс тұқымын жыйнады.

Колхозшы Луценко жолдастың басқаруындағы керуеншілер бригадасының мүшелері түкпірдегі пункттен астық тасуда тынбай жұмыс істеуде. Олар февраль айында 250 центнерден аса астық тасыды.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

### Іспен жауап

Петропавл ауданындағы «Велсенді» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері егіске әзірлік жұмыстарында тынбай жұмыс істеп, бірсыпыра табыстарға ие болды. Колхоздың темір ұстасы М. Жандосов жолдас 25 тырманы, 10 соқаны, -1 тұқым сепкішті және тағы басқа құрал-саймандарды жөндеп шығарды. Тексеру комиссиясы жөнделген құрал-саймандарды қабылдағанда жұмыс сапасының ойдағыдай екендігі анықтады.

Қазір Жандосов жолдас арбаларды және жегу-өбзелдерін жөндеуге кірісіп, күн сайын біржарым мөлшер орындап жүр.

—Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас толық жеңіске жету үшін еселеген жігермен қажырлы еңбек етуге шақырды. Көсемнің шақыруына іспен жауап беремін,—дейді Жандосов жолдас.

Ә. КУШИНОВ.

### Жайбарақат отыр

Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары КК(б)П Орталық және облыстық Комитеттерінің XII пленумдары қаулысын жүзеге асыра отырып, көктемгі егіске дайындық жұмысын жүргізуді жолға қойды. Мәселен «Пламя» колхозы қазірдің өзінде барлық ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеп болды. Колхоз 274 гектар егіс алаңына қар тоқтатылуын және жергілікті тыңайтқыштардың мол әзірленуін қамтамасыз етті.

Көктемгі егіске үлгілі әзірленгендердің бірі—«Үлгі» колхозы. Мұнда 10 соқа, 70 тарма, 1 тұқым сепкіш сапалы түрде жөндеді. Егіс алаңына 80 тонна көң тасылып, үйілді.

Алайда, ауданның кейбір колхоздары егіске дайындық жұмыстарын ойдағыдай өрістетпей, отыр. Өткен жылы «Жизнь» колхозы егіске дайындықсыз кірісіп, оны

ұзаққа созу салдарынан егіннен өнімді аз алса да, бұл кемшілік колхоз басшыларына быйыл да сабақ болмаған. Міне осының салдарынан күні бүгінге дейін ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарының 50 проценті ғала жөндеді. Арбаларды жөндеу жұмысын ұйымдастыру ескерусіз қалған. Жоспар бойынша 694 гектар орнына, 104 гектар ғана қар тоқтатылды. Колхозда басқа да қысқы агротехникалық шаралар жүзеге асырылмаған. Сталин атындағы және «Ортақ көл» колхоздарының басшылары да көктемгі егістің ойдағыдай өткізілу дағдырын оған жақсы дайындалу шешетіндігін ұмытқан. Олар «Уақыт әлі ерте» теген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай отыр.

Ш. САПУАН.

### Жұмыстағы олқылық дереу жойылсын

ЯВЛЕНКА. (Өз тілшімізден). Өткен жылы Ильич атындағы МТС-тың қамтуындағы колхоздар көтемгі егіс жұмыстарына әзірліксіз кірісіп, оны ұзаққа созды. Трактор паркі жұмысты қанағаттанғысыз істеді. Бұл агротехникалық шаралардың бұрмалануына және егіннен өнімнің аз алынуына әкеліп соқты. Осының салдарынан колхоздардың басым көпшілігі мемлекет алдындағы бірінші парызын толық өтей алмады.

МТС және колхоз басшылары быйыл осы кемшіліктен тиісті қорытынды шығарды ма? Жоқ. Өйткені МТС қамтуындағы колхоздарда егіске әзірлік жұмыстары тиігі қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. МТС-та 1 февральға дейін 39 трактор жөнделіп бітуге тиісті еді. Мұның күні бүгінге дейін 30 ғана жөндеді. Оның өзі де мемлекеттік комиссияның тексеруінен өткен жоқ. Ал қалған 9 трактор қосалқы бөлшектердің жоқтығынан мастерскойда жөндемей тұр. МТС директоры Килнов, аға механик Швонтов жолдастар «бүгін-ертең қосалқы бөлшек келеді» деп арқаны кеңге салып отырған көрінеді. Осы сияқты тіркеу саймандарына жөндеген 29 соқа, 32 тұқым сепкіш және 6 культиватор комиссия ар-

қылы қабылданған жоқ. МТС мастерскойында кейбір бөлшектерді жасап шығаруға мүмкіншілік бола тұрса да, МТС басшылары мүмкіндікті пайдаланбай келеді.

Егіннен мол өнім алу қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруға және егіс алаңын тұқыммен қамтамасыз етуге байланысты екендігі көпке мәлім. Алайда МТС басшылары бұл жұмыстарды ұйымдастырудан тыс қалды. 13 колхозда 5000 гектар орнына, 1600 гектар ғана қар тоқтатылды. Қар тоқтату жұмысының артта қалуын МТС-тың бас агрономы Завертаев жолдас бөгде себептермен дәлелдейді. МТС бойынша жоспарда көрсетілген 2000 тонна көңнің 543 тоннасы, 150 центнер күлдің 89 центнері, 100 центнер күс қыйының 25 центнері ғана жыйналды. Бұлардан егіс алаңдарына тасылғаны мүлде аз.

Колхоздарда 470 центнер тұқым жетпейді. Егіске тұқым әзірлеуде «Красный партизан», «Заря востока», «Новая жизнь», «Зеленый яр» және «Жарқайың» колхоздары кешіргісіз артта қалды. «Красный партизан» колхозында бар болғаны 182 центнер ғана егіс тұқымы құйылып, оның өзі де егістік сапа

ға жеткізілген жоқ. Ал жетіспейтін 325 центнер егіс тұқымын толықтыру жөнінде ешқандай іс істелген емес. Сталин атындағы, Ворошилов атындағы және «Өндіріс» колхоздары өздерін тұқым қорымен толық қамтамасыз етті. Бірақ бұлардың іс тәжірибесі басқа колхоздардың игілігіне айналдырылмаған.

МТС-та ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысы да мүлде баяу. Осы уақытқа дейін 90 соқа, 73 тырма тағы басқа машиналар мен құрал-саймандар жөнделген жоқ.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуі, трактор отрядтарын жанармаймен тынғылықты жабдықтауға байланысты екендігін МТС басшылары жақсы біледі. Ама! не солай бола тұрса да, 114 тонна жанармай тасу орнына, МТС-та 26 тонна ғана жанармай тасылды. «Ыдыс жоқ» дейді Килнов жолдас. Ал шындығында ыдыс жеткілікті. Бірақ бұл ыдыстар іске ұқсатылмаған.

МТС және колхоз басшылары бұл кемшіліктерді дереу жойып, көктемгі егіске әрбір колхоздың барлық жағынан сақдай-сай әзір болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

### Түркия үкіметінің қарары

АНКАРА, 23 февраль. (ТАСС). Америк радиосының хабары бойынша, бүгін Түркия мемлекеті Түркия мен Жапонияға қарсы соғыс жариялау жөніндегі Түркия үкіметінің қарарын бекітті.

Үкіметтің бұл қарарын мемлекеттік баиядай келіп, сыртқы істер министрі Хасан Сака мұның өзі алдағы уақытта 23 апрельде Санфранцискода болатын конференцияға қатысуға мүмкіншілік алу үшін істеліп отырғандығын мәлімдеді. Түркия бұйылымы 1 мартқа дейін белдік мемлекеттерге қарсы соғыс жариялауға тиіс,—деді ол.

### ТҮРКИЯНЫҢ СОҒЫСҚА КІРІСУІ ТУРАЛЫ

НЬЮ-ЙОРК, 25 февраль. (ТАСС). «Нью-Йорк Геральд Трибюни» мәлімдемесі бойынша, Түркияның белдік мемлекеттерге қарсы соғысқа кірісуінің ешбір соғыстық маңызы жоқ деуге болады. Бұл тек ғана Біріккен Ұлттардың алдағы уақытта Санфранцискода болатын конференциясына Түркияның қатысуына мүмкіншілік беру үшін істеліп отырған іс.

### Египет бас министрінің өлтірілуі

ЛОНДОН, 24 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Египеттің депутаттар палатасында Египеттің соғысқа кірісуі туралы мәселені талқылау кезінде Египеттің бас министрі Ахмед-Махер-Паша өлтірілген. Палатадан шығып сенатқа қарай бара жатқан кезде оған оқ атылған.

### Египет бас министрінің өлтірілуі жайында

ЛОНДОН, 25 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Каирдан берген хабары бойынша, Египеттің бас министрі Ахмед-Махер-Пашаны өлтіруші адам тұтқынға алынған.

### Белдік мемлекеттерге қарсы соғыс жариялау жөнінде Египет үкіметінің қарары

ЛОНДОН, 24 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Египет Парламенті белдік мемлекеттерге қарсы қорғану соғысын жариялау жөніндегі қарарды бекіткен. Вафд партиясы, сол сияқты Ұлт партиясы соғыс жариялауға қарсы пікір айтқан.

### Грециядағы жағдай

НЬЮ-ЙОРК, 24 февраль. (ТАСС). Грецияда жағдайдың барған сайын шиеленісіп отырғандығын «Чикаго-Сан» газеті хабар етті. Бас министрі Пластирасы хавіпсіздік мәселелері жөнінде сыртқы істер министрі егін қосымша тағайындау — мемлекеттік құпия полиция құру деген сөз.

### Шет елдерде Қызыл Армия күнін мерекелеу

НЬЮ-ЙОРК, 24 февраль. (ТАСС). «Соғыста ССРОға көмек көрсету жөніндегі комитеттің» инициативасы бойынша Қызыл Армияның 27 жылдығына арналған көп ұйымдастырылды. Жыйынға 2500 м. оның ішінде Америка, Англия және Франция қарулы күштерінің өкілдері қатысты.

### БЕЛГРАД, 24 февраль. (ТАСС). 21 февральда Белградта Қызыл Армияның 27 жылдығына арналған салтанатты кештең болып өтті.

ВАРШАВА, 23 февраль. (ТАСС). 22 февральда Варшава Халық Кеңесінің мәжіліс залында Варшава жұртшылығының Қызыл Армияның 27 жылдығына арналған салтанатты жыйылымы болып өтті. Азат етуші армияның даңқты мерекесін тойлау үшін мұнда Варшаваның 1000нан аса қоғам және мәдениет қайраткерлері, жұмысшылар, қызметкерлер мен интеллигенция, демократияшыл партиялардың мүшелері жыйналды.

БЕИРУТ, 24 февраль. (ТАСС). Қызыл Армияның 27 жылдығына байланысты, Советтер Одағының Ливанды достарының қоғамы Бейрутта ССРОға арналған көрме ұйымдастырды. Көрмені Ливанның Министрлер Советінің председатели ашты.

Жауапты редактор О. ОСПАНО

Қалалық отын дайындау тресіне бухгалтер, есепші және күзетші КЕРЕК.

«Динамо» дүкенінде балалардың өртүрлі ойыншықтары сатылады. Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 10-үй.